Қауіпсіздік техникасы б ойынша нұсқауларды орындамау адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті салдарларды туғызып қана қоймайды, қоршаған орта мен жабдықтар үшін де қауіп төндіре алады. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау келтірілген зиянды өтеу бойынша барлық кепілдікті міндеттемелердің жоюылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Әсіресе, қауіпсіздік техникасы талаптарын орындамау келесі қауіптерді тудыруы мүмкін:

- жабдықтың негізгі функцияларының бұзылуы;
- алдын-ала жазылған техникалық қызмет көрсету мен жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлардың әсер етулеріне байланысты қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдай тудыру.

1.5 Қауіпсіздік техникасын сақтаумен жұмыстар орындау

Жұмыстарды атқару кезінде осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар, қауіпсіздік техникасы бойынша қолданыстағы ұлттық ұйғарымдар, жұмыстарды орындау, тұтынушыдағы қолданыстағы жабдықтарды пайдалану мен қауіпсіздік техникасы сақталулары керек.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсетуші қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы нұсқаулары

- Егер жабдықтар пайдалануда болса, қолда бар жылжымалы тораптардың қорғаныс қоршауларын демонтаждауға тыйым салынады.
- Электр энергиясымен байланысты қауіптердің пайда болу мүмкіншіліктерін болдырмау қажет (толығырақ мәлімет алу үшін, мәселен ЭҚЕ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың ұйғарымдарын қарастырыңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы нұсқаулары

Тұтынушы барлық техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау бойынша барлық жұмыстардың орындалуларын монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықты толық зерттеу барысында жеткілікті шамада олармен таныстырылған және осы жұмыстарды орындауға рұқсат берілген білікті мамандармен қамтамасыз етуі керек.

Барлық жұмыстар ажыратылған жабдықтар арқылы жүргізулері керек. Жабдықты тоқтату кезінде монтаждау және пайдалану нұсқаулығында көрсетілген жұмыс тәртібі сақталуы керек.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін бірден барлық демонтаждаушы қорғаныс және сақтандырғыш құрылғылары қайтадан орнатылулары немесе қосылуы керек.

1.8 Қосалқы тораптар мен бөлшектерді дайындау және өздігінен қайта жабдықтау

Құрылғыларды қайта жабдықтау немесе түрлендіру жұмыстарын тек өндірушімен келісу бойынша орындауға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер, сонымен бірге өндіруші фирма арқылы қолдануға рұқсат етілген толымдағыштар пайдалану сенімділігімен қамтамасыз етеді.

Басқа өндірушілердің тораптар мен бөлшектерді қолдануы, өндірушінің осының салдарынан пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Рұқсат етілмейтін пайдалану режимдері

Жеткізілуші жабдықтардың пайдаланушылық сенімділігіне "Қолдану аясы" бөліміндегі функционалдық тағайындауға сай қолданған жағдайда ғана кепілдеме беріледі. Техникалық деректерде көрсетілген рұқсат етілетін мәндер барлық жағдайларда үнемі сақталулары керек.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықтарды тасымалдауды жабық вагондарда, жабық автокөліктерде әуе, су немес теңіз көлігімен жүргізу керек.

Механикалық факторлардың әсер етуіне байланысты жабдықтарды тасымалдау шарттары ГОСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Қапталған жабдықты тасымалдау кезінде өздігінен жылжуын болдырмау үшін тасымалдаушы құралдарға берік бекітілуі керек. Жабдықтарды сақтау шарттары ГОСТ 15150 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек. Максималды тағайындалған сақтау мерзімі 2 жылды құрайды. Барлық сақтау мерзімі ішінде консервациялау талап етілмейді. Сақтау және тасымалдау температурасы (бос күйде) мин -30°C; макс +60°C.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалар мәні



Ескерту
Аталған нұсқаулардың орындалмауы адамдардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Ескерту
Ыстық сұйықтықпен немесе жабдықтардың бетімен жанасу күйіктерге және денеге ауыр зақым келулерге әкеліп соқтыруы мүмкін.



Назар аударыңыз

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау жабдықтың бұзылуына және бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.



Нұсқау

Жұмысты жеңілдететін және жабдықтың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет


Аталған Нұсқаулық СМВЕ сорғы қондырғыларына таралады.

СМВЕ – кіріктірілген жиілік түрлендіргішімен сорғы қондырғысы, осының арқасында тұрақты қысымды қолдаумен қамтамасыз етеді.

Құрылым

СМВЕ қондырғылары СМЕ өздігінен сормайтын көлденең көп сатылы ортадан тепкіш сорғыларының негізінде жасалған.

СМЕ сорғысы бастиек бөлігінен және негізден тұрады. Аралық камералар мен цилиндрлік қаптама өз араларында, сонымен қатар сорғының бастиек бөлігі мен негізіне тартпа бұрандалардың көмегімен қосылған. СМЕ сорғысының кесігін 1-сур. қар.



1-сур. СМЕ сорғысының кесігі

Электрлі қозғалтқыштың бөлшектері

156b	Қозғалтқыш фланеці	Шойын
150	Статор корпусы	Силумин (Alu)
151	Желдеткіштің қақпағы	Композит PBT/PC
153	Шарлы мойынтірек	
156	Желдеткіш	Композит PA 66 30 % GF
158	Серіппелі сақина	Болат
164e	Клеммалық қорап, MGE	PC/ASA композиті немесе силумин (Alu)
		Гальвандық жабынмен болат
191	Негіз-тақта	Ұнтақты жабынмен болат 60-тан120 мкм дейін, NCS 7005
79	Су жұқпайтын диск	Қалыпқа құйылған силикон (LSR)
155	Мойынтірек қақпағы	Полимер (PPS)

Сорғы бөлшектері

	Біліктің бүйірлік нығыздалуы, болат бөлшектер	Тот баспайтын болат
105	Біліктің бүйірлік нығыздалуы, жұмыс беттері	Al ₂ O ₃ /графит немесе кремнийлі карбид
51	Сорғы білігі	Тот баспайтын болат
31	Айналма	EPDM, FKM немесе FFKM
158a	нығыздауыштар	
159		
157a	Аралық қабат	Қағаз
4	Камера	Тот баспайтын болат
25	Бітеуіш	Тот баспайтын болат
49	Жұмыс дөңгелегі	Тот баспайтын болат
64	Төлке	Тот баспайтын болат
64c	Қысқыш төлке	Тот баспайтын болат
6	Фланец	Шойын
16	Қаптама	Тот баспайтын болат
67	Сомын	Тот басп. болат А4
66	Тығырық (NORD-LOCK®)	Болат

Қондырғы кіріктірілген жиілік түрлендіргішімен СМЕ сорғысынан басқа, кіріктірілген кері клапанымен 5 жүріс келтеқосқыштан, мембраналы бактан, манометрден, қысым датчигі мен кіріс жолындағы қысым релесінен тұрады.

Фирмалық тақтайша

Type	1	Qnom	13	m ³ /h
Model	2	Tamb, max	14	°C
U	3 x 4	Tliq, max	15	°C
Imax	5		16	28
f	6	Hz	P1	7
Pmax	8	MPa/Bar	IP	9
Hmax	10	m	Hnom	11
	12			

GRUNDFOS

- 1 - Қондырғының шартты әдепкі белгісі;
- 2 - Қондырғы үлгісінің белгіленуі (соңғы 4 сан - қондырғының жасалу жылы мен аптасы);
- 3 - фазалардың саны;
- 4 - кернеу, В;
- 5 - максималды ток, А;
- 6 - электр қуат берудің жиілігі, Гц;
- 7 - сорғының қуаты, Вт;
- 8 - максималды қысым, МПа/бар;
- 9 - қорғаныс деңгейі;
- 10, 11 - максималды және атаулы ағындар, м;
- 12 - дайындаушы ел;
- 13 - атаулы беру, сағ³/м;
- 14 - максималды қоршаған орта температурасы, °С;
- 15 - айдалатын ортаның максималды температурасы, °С;
- 16 - ПӘК;
- 17 - Нарықтағы шығарылу белгілері;

2-сур. СМВЕ қондырғысының фирмалық тақтайшасы

Әдепкі белгі

Мысалы	СМВЕ 1 -44 I -U -C -C -G -A
Типтік қатар	
50 Гц кезіндегі [с ³ /м] атаулы шығығ	
Макс. арын, м;	
Айдалатын сұйықтықпен байланысатын бөлшектердің материалдары	
I: Қаптама - Тот бас.болат EN 1.4301/AISI 304 Сорғы білігі - Тот бас.болат EN 1.4301/AISI 304 Жұмыс дөңгелегі/камерасы - Тот бас.болат EN 1.4301/AISI 304 Қысым датчигі - PP 30GF Мембраналы бак - EPDM/steel/PP/Butil 5-жүріс келтеқосқышы - Тот бас. болат EN 1.4301/AISI 304	
Қуат беру кернеуі	
U: 1 x 220-240 В, 50/60 Гц	
Электрлі қозғалтқыш	
C: Кіріктірілген жиілік түрлендіргішімен тиімділігі жоғары электрлі қозғалтқыш (IP55)	
Кабель ұзындығы мен ашалардың түрі	
C: Schuko ашасымен ұзындығы 1,5 м кабель	
Сорғыларды басқару құрылғысы	
D: Кіріктірілген жиілік түрлендіргіш	
G: Кіру жолындағы қысым релесімен кіріктірілген жиілік түрлендіргіш	
Құбырлық біріктіру	
A: G1	
B: G1 ½	
C: NPT 1	

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алу кезінде қаптаманы және жабдықтың өзін тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін зақымдалуларын тексеріңіз. Қаптаманы қолдану алдында ішінде құжаттар және кішкентай бөлшектер қалмағанын мұқият тексеріп алыңыз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдық жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымдалса, тасымалдау компаниясымен бірден хабарласыңыз және жабдық жеткізушісіне хабарласыңыз.

Жеткізуші өзімен бірге ықтимал зақым келуге мұқият қарау құқығын сақтайды.

Қаптаманы кәдеге жарату жөніндегі мәліметті

18. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат бөлімінен көріңіз.

5.2 Жылжыту



Ескерту
Қолмен атқарылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелерді сақтау керек.

Назар аударыңыз

Жабдықты қуат беру кабелинен көтеруге тыйым салынады.

6. Қолдану аясы

Қондырғының құрамына кіретін СМЕ сорғылары, сорғыға механикалық немесе химиялық әсер ете алатын қатты қосылулар немесе талшықтарды құрамайтын таза, тұтқырлығы төмен және жарылыс қаупі жоқ сұйықтықтарды айдауға арналған көлденең көп сатылы ортадан тепкіш сорғылар болып табылады.

СМВЕ қондырғылары көбінесе шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау және шағын коммерциялық ғимараттарды немесе қысым арттыру жүйелерін сумен жабдықтау саласында қолданылады.

Тағайындалуы	СМЕ 1	СМЕ 3	СМЕ 5	СМЕ 10
Жеке үйлер	•	•	•	•
Екі отбасы үйлері	•	•	•	•
Коттедждер	•	•	•	•
Көп пәтерлі үйлер	•	•	•	•
Оқу орындары	•	•	•	•
Шағын мейманханалар мен қонақ үй кешендері		•	•	•
Шағын кеңселік ғимараттар		•	•	•
Ауыл шаруашылығы	•	•	•	•
Суару жүйесі	•	•	•	•

- Ұсынылады
- Жарамды

7. Қолданылу қағидаты

СМЕ сорғыларының жұмыс істеу қағидаты кіріс келте құбырдан шығысқа жылжитын сұйық қысымының артуына негізделген. Электрлі қозғалтқышы статоры орамының электромагниттік энергиясын роторға беру білік арқылы роторға қосылған жұмыс дөңгелегін айналдырады. Сұйықтық сорғының кіріс келте құбырынан жұмыс дөңгелегінің ортасына, одан кейін қалақшалары бойымен ағады. Ортадан тепкіш күш әсерімен сұйықтық жылдамдығы артады, тиісінше шығыс келте құбырдағы қысымға түрлендіретін кинетикалық энергия да артатын болады. Сорғының корпусы сұйықтық жұмыс дөңгелегінен сораптың шығыс келте құбырының бағытына жиналатындай етіп құрастырылған.

СМВЕ кіріктірілген жиілік түрлендіргіштің және қысым датчигінің арқасында ауыспалы шығын кезінде тұрақты қысымды қолдайды.

Егер талап етілетін қысым ағымдық қысымнан ерекшеленетін болса, датчик жиілік түрлендіргішінің жұмыстың талап етілетін шарттарында біліктің айналыс жылдамдығына бейімдеу үшін интеллектуалды басқару блогына сигнал береді.

Кіру жолындағы қысым релесі (опциялар) кірістері өте төмен қысым кезінде сорғыны ажыратады.

8. Құрастыру

Жадбықты монтаждау бойынша қосымша мәліметтер Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) берілген.

Ескерту

СМВЕ сорғы қондырғыларымен кез келген жұмыстарды бастамас бұрын, электр қуат кезінің ажыратулы екеніне және оның кездейсоқ іске қосылмайтындығына көз жеткізіңіз.



Әдеттегідей, СМВЕ қондырғысы суды айдау үшін жер деңгейінен биіктеу орнатылады.

Қондырғыны сорғыш құбырдың максималды ұзындығы болуы үшін, су тоғанына мүмкін болғанша жақынырақ орнату қажет.


Егер сорғыш келте құбыр ретінде құбыршек қолданылса, ол атмосферадан төмен сорғыш құбыршеkte қысымның төмендеуі кезінде қысуды (сығылуды) болдырмау үшін алынбайтын болуы керек. Қатты бөлшектердің сорғыға тиюлерін болдырмау үшін сорғыш келте құбыр сүзгімен жабдықтала алады.

Жапқыштарды сорғының әр жақтарынан орнату ұсынылады. Осы арқылы ықтимал болатын жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде суды барлық жүйеден қотарып құю қажеттілігіне жол бермеуге болады.

Қондырғы оны аударылу, құлау немесе кездейсоқ орнын ауыстыру қауіптерісіз қолданумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылу орнына берік бекітілуі керек. Сорғыш келте құбырды көлденеңінен орналастыру

СМВЕ қондырғысын байқау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу үшін оның жеңіл қол жетімді болуын қамтамасыз ететін орында орнатқан дұрыс болады. Қондырғы жақсы желдетілетін бөлмежайда орналастырылуы керек.

Сорғыш келте құбыр бүгілулерді, әуе қалтасы мен кез келген судың келуін шектейтін факторларды болдырмайтынды етіп орнатылуы керек (3-сур. қар.).



3-сур. Сорғыш келте құбырды орнату

СМВЕ қондырғысы қондырғының жұмыс сипаттамалары шеңберінде жұмыс жасау жағдайында ғана автоматты түрде іске қосылады/сөндіріледі.

Жиынтығына қысым релесі кірмейтін СМВЕ қондырғылары үшін кіріске орнатылғандар:

Кіріс жолында қысымның қатты түсіп кетуі жоғары ықтималдылығы жағдайында, сорғыш келте құбырға СМВЕ қондырғысын автоматты іске қосу/сөндіру мүмкіншіліктері үшін қысым релесін орнату ұсынылады. Аталған жағдайда F4-2 DAY 00ID7517, FF4-4 DAY 00ID8952, FF4-8 DAY 00ID8953 қысым релесін қолданыңыз (толығырақ "Жеке үйлерді сумен жабдықтауға арналған сорғылар" техникалық каталогынан қар.). Жеткізу жиынтығына кірмейді, жеке тапсырыс беріледі.

Жиынтығына қысым релесі кіретін СМВЕ қондырғылары кірістеріндегі қысым, 0,22 бардан 4 барға дейін теңшеле алады.

9. Электр жабдықтарын қосу

Электр жабдығының қосылымы бойынша қосымша мәліметтер Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) берілген.



Ескерту
Электр жабдықтың қосылымы жергілікті нормалар мен ережелерге сай орындалулары қажет. 15 минутта 1 реттен жиірек емес қуат беру рұқсат етіледі.

Жұмыс кернеуі мен жиілігі фирмалық тақтайшада көрсетілген (4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер бөл. қар.). Электрлі қозғалтқыш сипаттамаларының монтаждау орнында қолданылатын электр қуат көзінің параметрлеріне сай келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Ескерту
СМВЕ сорғы қондырғыларымен кез келген жұмыстарды бастамас бұрын, электр қуат көзінің ажыратулы екеніне және оның кездейсоқ іске қосылмайтындығына көз жеткізіңіз. Барлық полюстерді ажырату кезінде ажыратқыш түйіспелердің арасындағы ауа саңылауы 3 мм аспауы керек (әр полюс үшін). Сақтық шаралары ретінде сорғы жерге түйіқталған розеткаге қосылған болу керек. Стационарлық қондырғыны < 30 мА ажырату тоғымен бірге, тоқтың жерге жайылуынан қорғаумен (ТЖЖ) жабдықтау ұсынылады.



СМВЕ қондырғыларының бір фазалы электрлі қозғалтқыштары кіріктірілген қызып кетуден қорғаумен жабдықталады және қосымша сыртқы қорғауды орнатуды талап етпейді.

10. Пайдалануға беру

Жабдықты пайдалануға беру бойынша қосымша мәліметтер Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.

Барлық бұйымдар дайындаушы зауытта қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді. Орнату орнында қосымша сынақтар талап етілмейді.




Ескерту
Сорғыны оны сумен толтыруға дейін (құюға дейін) іске қоспаған дұрыс болады.

Жұмыс сұйықтығымен толтыру

1. Айдау сорғысы жағындағы тиекті клапанды жабыңыз.
2. Сорғыны іске қосудан бұрын, соруадағы жапқышты толықтай ашыңыз.
3. Құйғыш саңылаудың тығынын шешу.
4. Сорғыны және сорғыш құбырды толықтай жұмыс сұйықтығымен сұйықтық құйғыш саңылаудан тұрақты ағынмен аға бастағанға дейін толтырыңыз.
5. Құйғыш саңылаудың тығынын орнатыңыз және тартыңыз.

6. Сорғыны іске қосыңыз және жұмыс істеп тұрған сорғыда айдаудағы жапқышты ақырындап ашыңыз.

Бұл ауаны шығарумен және қосу кезінде қысымды арттырумен қамтамасыз етеді.

Қондырғыны жұмыс сұйықтығымен толтырғаннан кейін желілік ажыратқышты "Іске қосылды" күйіне ауыстырыңыз және сорғыны қосу  түймесін басыңыз.


11. Пайдалану

Пайдалану бойынша қосымша нұсқаулар Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген. Пайдалану шарттары 14. Техникалық сипаттамалар бөлімінде келтірілген.





11.1 Басқару панелі



Ескерту
Қондырғы ыстық болуы мүмкін, сондықтан күйіп қалуларды болдырмау үшін беттік панелдегі түймені ғана басу ұсынылады.



TM05-4848 3512

Айқ. Нышан	Сипаттама
1 	Grundfos Eye жүйесі жұмысының индикаторы.
2 -	Орнатылған қысым мәнін индикациялауға арналған жарық өрістері
3 	Орнатылған қысым мәнін беруге арналған түйме.
4 	Grundfos GO немесе басқа ұқсас қосымшалар арқылы радиобайланыс қосылымы (белсенді емес)*.
5 	Қондырғыны іске қосу/сөндіру түймесі. Бастау: Сорғы сөндірілуі тұрған кезде түймені басу қосымша тыйым салушы шарттар (жоғары басымдықты атқарымдары) жоқ болған жағдайда ғана қондырғының қосылуына әкеліп соқтырады, мысалы, қондырғының кіріс жолында қысым релесінің бар болуы. Тоқта: сорғының қосылуы кезінде түймені басу әрдайым сорғыны сөндіреді. Осы түймені сорғыны тоқтату кезінде, "Stop" жазбасы жанатын болады.

4-сур. Басқару панелі

* Grundfos GO Remote құрылғысы мен СМВЕ қондырғысын сымсыз басқару тек инфрақызыл қосылысы кезінде ғана ықтимал болады.

11.2 Орнатылған режимнің теңшеулері

СМВЕ сорғы қондырғысы жұмыс істейтін жүйе сорғының максималды қысымына есептелген болуы керек.


Назар аударыңыз

Абайлаңыз

Әделкі қалып бойынша теңшеулерді қолдану кезінде сорғы максималды қысымға жеткенше дейін үздіксіз жұмыс істейтін болады.

Орнатылған мәнді \odot немесе \ominus түймелерін басумен теңшеңіз (3 тармақтың 4-сур. қар). Басқару панеліндегі жарық өрістері (2 тармақтың 4-сур. қар.) қандай орнатылған мәнің берілгендігін білдіреді.

P_{max} = максималды қысым (4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер бөлімінен қар.).



TM05 7678 1413

5-сур. Орнатылған қысым мәні

\ominus Түймесін ұзақ уақыт басу кезінде сорғы тоқтайды.

\odot Түймесін ұзақ уақыт басу кезінде орнатылған мән максимумға жетеді.

11.2.1 Сорғыны қосу/тоқтату

\odot басу арқылы сорғыны іске қосыңыз немесе басқару панеліндегі индикаторлар қажетті орнатылған мәнді көрсеткенге дейін ұзақ \odot басыңыз.

Сорғыны \odot басу арқылы тоқтату. Сорғыны тоқтату кезінде осы түйменің көмегімен "Stop" жазбасы жанады. Сонымен бірге сорғыны \ominus орнатылған қысымның барлық жарық индикаторлары сөнгенше дейін ұзақ уақыт басу арқылы да тоқтатуға болады.

Сорғыны \odot түймесінің көмегімен тоқтату жағдайында, сорғының іске қосылуы \odot түймесін қайтадан басу арқылы жүзеге асырылады. Егер сорғы \ominus түймесімен тоқтамаса, сорғыны іске қосу \odot басумен ғана мүмкін болады.

11.2.2 Индикациялау қателіктерін қалпына келтіру

Индикациялау қателіктерін келесі тәсілдердің бірі арқылы қалпына келтіруге болады:

- Басқару панеліндегі \odot немесе \ominus тез басу, бұл ретте сорғы теңшеулері өзгермейтін болады. Егер \odot және \ominus түймелері бұғатталған болса, қателіктерді қалпына келтіру мүмкін болмайды.
- Жарық индикаторлары сөнгенше дейін қондырғыны электр қуат беру көзінен ажырату.
- Grundfos GO Remote көмегімен

11.2.3 Қосымша жабдықтар

Сорғыны қосымша басқару ретінде смартфондармен интерфейс байланысына ие және СМВЕ қондырғысының мүмкіндіктерін кеңейтетін Grundfos GO Remote сымсыз байланыс құрылғысын қолдану ықтимал болады. Жеткізу жиынтығына кірмейді, жеке тапсырыс беріледі.

Өнім түрі	Қолдану	Өнім №
MI202	Apple iPhone, iPad, iPod touch құрылғыларына арналған 30-pin жалғағышымен қосылатын модуль.	98046376
MI204	Apple iPhone, iPad, iPod touch құрылғыларына арналған Lightning жалғағышымен қосылатын модуль.	98424092
MI301	Android немесе Apple iOS базасындағы құрылғыларға арналған Bluetooth модулі	98046408

11.3 Қысым релесін теңшеу

МВЕ 10-27 қондырғысы құрғақ жүрістен қорғайтын қысым релесімен жабдықталған. Қысым релесі сорғыш құбырда орнатылған.


Егер сорғыш қысымы төменгі ауыстыру нүктесінен төмен болса, жүйе іске қосылмайды. Егер қысым релесі жүйені оның жұмыс жасау уақытында өте төмен сорғыш қысымының салдарынан тоқтатса, мұндай қысым жүйені қайтадан іске қосылуына дейін ауыстырудың жоғары нүктесіндегі берілген артық мәнге дейін көтерілуі керек.

Нұсқау

Қажет болған жағдайда А винтін бұру арқылы төменгі ауыстыру нүктесін теңшеңіз және В винтін бұру арқылы жоғары ауыстыру нүктесін оның мәнінің төменгі ауыстыру нүктесінен жоғары болғандай реттеңіз. 6-сур. қар.

Ауыстырудың төменгі нүктесі минималды сорғыш қысымынан төмен болмауы керек.

Нұсқау



6-сур. Ауыстыру нүктелерін күйге келтіру

11.4 Қоршаған орта температурасы және теңіз деңгейінен биіктігі


Қозғалтқыш 50 °C дейінгі қоршаған орта температурасы кезінде (P2) атаулы шығыс қуаттылығымен жұмыс істей алады. Бірақ жоғары температурада әрдайым жұмыс істеу бұйымның болжамды қызметтік мерзімінің қысқаруына әкеліп соқтырады. Егер 50 °C-ден 60 °C дейінгі қоршаған орта температурасында жұмыс істеу жоспарланған жағдайда, үлкен типтік өлшем қондырғысы таңдалуы керек.

Қондырғыны теңіз деңгейінен 2000 м биіктікте құрастыру мүмкін емес, бұл ретте:

- Теңіз деңгейінен 1000 м дейінгі биіктікте құрастырылған қондырғы 100% жүктемемен жұмыс істей алады.

- Теңіз деңгейінен 1000 м жоғары биіктікте құрастырылған қондырғыны толық жүктемемен қолдануға болмайды, себебі оның төмен тығыздығынан (7-сур. қар.) ауаның салқындатқыш қасиеті нашарлайды.

Назар аударыңыз



7-сур. P2 температурасы мен теңіз деңгейінің биіктігіне тәуелділік

12. Техникалық қызмет көрсету

Бұйым өзінің барлық қызметтік мерзімінде техникалық қызмет көрсетуді және кезеңдік диагностиканы талап етпейді.

13. Істен шығару

СМВЕ қондырғыларын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқыштарды "Өшірілді" жағдайына ауыстыру қажет.

Ескерту

Барлық желілік ажыратқышқа дейін орналасқан электр желілері әрдайым кернеулі болады. Сондықтан, жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсат етілмеген іске қосылуын болдырмау үшін, желілік ажыратқышты бұғаттау қажет.



14. Техникалық сипаттамалар

Пайдалану шарттары:

Жүйедегі қысым	Макс. 10 бар
Сұйықтық температурасы	0 °C -тан +60 °C дейін
Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы	Макс. 95 %
Оқшаулау класы	F
Іске қосу/сөндіру кезеңдерінің жиілігі.	
Қуатты ажыратқаннан кейін кем дегенде 15 минут үзілісімен беру	Сағатына макс. 100

Макс. 1 м. +20 °C сұйықтық температурасы кезінде сорғыш желідегі қысымның жоғалуларын ескеру қажет.

Сору биіктігі

Қоршаған орта температурасы	Макс. +50 °C Мин. -20 °C
Қорғаныс деңгейі	IP55
Дыбыс қысымы деңгейі	55 дБ(А) кем емес
Қуат беру кернеуі	1 x 200-240 В, 50/60 Гц
Қосындылар қысымы	берілген мәннен 0,5 бар төмен
Гидробактың көлемі	2 л

Электр сипаттамалары:

Сорғы қондырғысы	Кернеу [В]	I _{max} [А]	P ₁ [Вт]
СМВЕ 1-44	1 x 200-240	3.45 - 2.9	615
СМВЕ 1-75	1 x 200-240	6.7 - 5.6	998
СМВЕ 1-99	1 x 200-240	6.7 - 5.6	1250
СМВЕ 3-30	1 x 200-240	6.7 - 5.6	688
СМВЕ 3-62	1 x 200-240	6.7 - 5.6	1210
СМВЕ 3-93	1 x 200-240	9.1 - 7.6	1720
СМВЕ 5-31	1 x 200-240	6.7 - 5.6	1090
СМВЕ 5-62	1 x 200-240	9.1 - 7.6	1720
СМВЕ 10-27	1 x 200-240	6.7 - 5.6	1240
СМВЕ 10-54	1 x 200-240	9.1 - 7.6	1710











СМВЕ қондырғысының шығыс-ағын сипаттамалары 1 Қосымшада келтірілген. Габаритті және жалғастыратын өлшемдер 2 Қосымшада келтірілген.

TM05 6400 4712

15. Ақаулықты табу және жою

**Ескерту**

Жұмысты бастамастан бұрын сорғының қуат беру көзінің ажыратылғандығына көз жеткізу және оның кездейсоқ іске қосылуын болдырмау үшін шаралар қабылдау қажет.

Ақаулық	Жарық индикаторлары		Себебі	Ақаулықтарды жою
	Қызыл	Жасыл		
1. Сорғы жұмыс істемейді.			a) Электр қуат беру жоқ.	Қуат беру көзін қосу. Кабелдерді және кабельдік жалғанымдарды бүлінулер мен жалғанымдарының әлсіреулері бойынша тексеру.
			b) Сақтандырғыштар жанып кетті.	Кабелдердің және кабельдік жалғанымдардың бүліну-бүлінбегендерін тексеру және сақтандырғыштарды алмастыру.
			c) Датчик ақаулы.	Датчикті алмастыру.
2. Сорғының тұрақсыз өнімділігі.			a) Сорғының кіру жолында аса төмен қысым.	Сорғының кіру жолындағы шарттарды тексеру.
			b) Сорғыш құбыр жарым-жартылақ лаймен бітелген.	Қоқымды тазалу және сорғыш желіні жуу.
			c) Сорғыш желіде судың кетуі.	Сорғыш желіге тиісті жөндеу жүргізу.
			d) Сорғыш желінің немесе сорғының ішінде ауа бар.	Сорғыш құбырдан немесе сорғыдан ауаны шығару. Сорғының кіру жолындағы шарттарды тексеру.
3. Индикаторлардың көрсеткіштерін қалпына келтіруге болады, бірақ сорғы тек бірнеше секунд қана жұмыс істейді.			a) Сорғының кіру жолында аса төмен қысым.	Сорғы кіру жолдарының шарттарын тексеру.
			b) Сорғыш құбыр жарым-жартылақ лаймен бітелген.	Қоқымдардан тазалау және сорғыш желіні жуу.
			c) Сорғының ағын және сорғыш келте құбырларындағы кері клапан жабық күйде бұғатталған.	Клапанды шешу және жуу, жөндеу немесе алмастыру.
			d) Сорғыш желіде судың кетуі.	Сорғыш желіге тиісті жөндеу жүргізу.
			e) Сорғыш желінің немесе сорғының ішінде ауа бар.	Сорғыш құбырдан немесе сорғыдан ауаны шығару. Сорғының кіру жолындағы шарттарды тексеру.
4. Сөндіргеннен кейін сорғы кері бағытта айналады.			a) Сорғыш желіде судың кетуі.	Сорғыш желіге тиісті жөндеу жүргізу.
			b) Ағын немесе сорғыш келте құбырлардағы кері клапан ақаулы.	Клапанды шешу және жуу, жөндеу немесе алмастыру.
			c) Сорғыш келте құбырдағы кері клапан ашық немесе ашыққы күйде бұғатталған.	Клапанды шешу және жуу, жөндеу немесе алмастыру.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Құрал күйінің негізгі шектік шарттары:

1. жөндеу немесе алмастыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдалануды экономикалық жөнсіздікке әкеліп соқтыратын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындарды арттыру.

Бұл бұйым, сонымен бірге тораптары мен бөлшектері экология саласындағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жиналып, жоюылуы керек.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақтайшасында көрсетілген.

Өндірушінің өкілетті тұлғасы/импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,
Павло-Слободское а/қ, д. Лешково, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорт жабдыққа байланысты көрсетілген.

Ресейде өндірілген жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,
Павло-Слободское а/қ, д. Лешково, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістердің болуы ықтимал.

18. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған


Қаптау материалы	Қаптау/қосалқы қаптау құралының атауы	Қаптау/қосалқы қаптау құралы әзірленетін материалдың өріптік белгіленуі
Қағаз бен картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон)	Қораптар/жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал	 PAP
Сүректер мен ағаш материалдары (ағаш, тығын)	Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер	 FOR
(тығыздығы төмен полиэтилен)	Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер	 LDPE
Пластик (тығыздығы жоғары полиэтилен)	Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал	 HDPE
(полистирол)	Аралық қабаттар пенопластан жасалған тығыздағыштар	 PS
Біріктірілген қаптама (қағаз және картон/пластик)	«Скин» түрлі қаптама	 C/PAP

Қаптаманың және/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін өндіруші зауыт).

Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы және/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.



Өндіруші шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олар дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Маңызды ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтың «Өндіруші» бөлімінде көрсетілген дайын өнімнің өндірушісінен пысықтаңыз. Аталған Төлқұжаттың «әрекет ету мерзімі», Монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулық. Сұраныс кезінде өнімнің нөмірін және жабдықты өндіруші елді көрсету керек.

Приложение 1.



Приложение 2.


Установки СМВЕ с комплектацией без реле давления на входе



TM06 0802 0914

Насосная установка	H1	H2	H3	L1	L2	A1 [дюйм]	A2 [дюйм]
СМВЕ 1-44	440	200	75	326	217	1	1
СМВЕ 1-75	440	200	75	362	217	1	1
СМВЕ 1-99	440	200	75	398	217	1	1
СМВЕ 3-30	440	200	75	326	217	1	1
СМВЕ 3-62	440	200	75	344	217	1	1
СМВЕ 3-93	455	215	90	404	217	1	1
СМВЕ 5-31	440	200	75	326	217	1	1 1/4
СМВЕ 5-62	455	215	90	350	217	1	1 1/4
СМВЕ 10-27	510	253	92	377	232	1 1/2	1 1/2
СМВЕ 10-54	510	253	92	377	232	1 1/2	1 1/2

Установки СМВЕ с комплектацией с реле давления на входе



TM06 3873 1115

Насосная установка	H3	H2	H1	L1	B2	A1 [дюйм]	A2 [дюйм]
СМВЕ 1-44	440	196	75	421	260	1	1
СМВЕ 1-75	440	196	75	457	260	1	1
СМВЕ 1-99	440	196	75	493	260	1	1
СМВЕ 3-30	440	196	75	421	260	1	1
СМВЕ 3-62	441	197	75	440	260	1	1
СМВЕ 3-93	460	212	90	500	260	1	1
СМВЕ 5-31	440	196	75	442	286	1	1 1/4
СМВЕ 5-62	441	197	75	440	260	1	1 1/4
СМВЕ 10-27	520	258	100	520	290	1 1/2	1 1/2
СМВЕ 10-54	520	258	100	506	316	1 1/2	1 1/2



RU

Насосные установки СМВЕ сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01127 срок действия до 24.11.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г.,

выдан Федеральной службой по

аккредитации; адрес:

153032, Российская Федерация,

Ивановская обл., г. Иваново, ул.

Станкостроителей, дом 1;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Истра, 25 ноября 2014 г.

KZ

СМВЕ сорғы қондырғылары Кедендік одақтың «Төменвольтты құрылғының қауіпсіздігі» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагнитті үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкесті сертификацияланған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01127 әрекет ету мерзімі 24.11.2019 ж. дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ

«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 ж.

№ РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай:

153032, Ресей Федерациясы,

Ивановская обл., Иваново қ.,

Станкостроитель көшесі, 1-үй;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы бөлшектер сертификатталған құралдың құрамдас бөлшектері болып есептеледі және тек сәйкес пайдаланылуы керек.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда

ООО Грундфос Истра, Россия

143581, Московская область,

Истринский район,

дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV.
Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел: +7 (495) 564-88-00,
+7 (495) 737-30-00

Факс: +7 (495) 564-88-11

E-mail:

grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы,
KZ-050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: +7 (727) 227-98-54
Факс: +7 (727) 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

98768075 0317

ECM: 1165308

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 